

## ХАТТАМА

№ 5

Ақтөбе қаласы

22.08.2025 жыл

### Қатысқандар:

1. Алдабергенова А. – Облыстық теннис орталығы, әдіскер
2. Чапаева Ж. - “Ақтөбе облысының өңірлік коммуникациялар қызметі” КММ бөлім басшысы
3. Досмагамбетова М. - Музыкалық колледж, әдіскер
4. Мамбетрзаева М. - ТОО Аудит эктлоджи, инженер-химик
5. Карабалина А.Е. - №41 «Назерке» бб меңгерушісі
6. Садуова А.Б.- хатшы

### Күн тәртібінде:

1. Балаларға арналған № 41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасының 2025 -2026 оқу жылы ақылы қосымша үйірмелерді ұйымдастыру туралы және оқу ақысын бекіту туралы тыңдалды.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі: Алдабергенова А.**- Облыстық теннис орталығы, әдіскер: Қайырлы күн, ата-аналар қамқоршылық кеңес мүшелері №41 «Назерке» бөбекжай - балабақша әкімшілігі! Алдыңғы оқу жылы сәтті өз деңгейінде аяқталып жаңа оқу жылына қадам басқалы отырмыз. Балабақша ұжымына ата-аналарға тәрбиеленушілерге жаңа 2025-2026 оқу жылына сәттілік тілейміз! Бұл 41 «Назерке» бөбекжай - балабақша қала бойынша ең үлкен сандық жағынан балабақша болып саналады. Қалалық іс-шараларға белсене қатысып алдыңғы қатарлы балабақша. Ендеше жиналысымыздың тақырыбына көшейік. Қазіргі таңда балалардың жан-жақты дамуына қосымша үйірмелер қажет етеді. Үйірмелердің өтуі де, ақысы да ата-аналарға қолайлы деп ойлаймын. Үйірмелердің бағасы былтырғы жылмен бірдей сол 3000 теңгемен қалады. Оқу жылы аяғында ата-аналарға жылдық есебін беріп нәтижелерін көрсетіледі. Әрі қарай толықтырып сөз кезегін:

**Қ.к мүшесі Чапаева Ж. Ш.**- “Ақтөбе облысының өңірлік коммуникациялар қызметі” КММ бөлім басшысы: №41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасының ұжымына келер оқу жылына сәттілік абырой тілеймін! Балаларға өте тиімді, бір жерде күннің екінші жартысында өтетіні ата-аналар үшін қолайлы. Әр ата-ана баласына тиімді жағын қарастырғаны дұрыс. Қазіргі таңда балалардың дамуына қолайлы жағдайлар жасалуда. Балалардың жақсы өнерлі талантты білімді заман талабына сай өсуіне үйірмелердің қажеттілігі бар. Төлемақысы да тиімді деп ойлаймын. Балабақшамыздың көркейуіне, қажетті материалдар алуға осындай үйірмелер керек деп есептеймін. Әрине барлықтарыңыздың пікірлеріңіз біз үшін маңызды сол себепті сөз кезегін кезектесіп ойларыңызды айта кетсеңіздер.

### Қ.к. мүшесі Досмагамбетова М. - Музыкалық колледж, әдіскер

Армысыздар құрметті ұстаздар, ата-аналар! Естіп отқандарыңыздай көріп жүрсіздер балаларымызға қолаулы заман талабына сай осындай үйірмелер былтырғы жылдан бері өз жұмысын жасап келеді. Ары қарай жұмысын жүргізуге еш қарсылығым жоқ.

**Мамбетрзаева М.** - ТОО Аудит эктлоджи, инженер-химик

Біздің болашағымыз білімді салауатты балалар. Балалар тиісті деңгейде білім алып, оларға тиісті жағдай жасау әр білім ордасының және ата-ананың ұстаздардың міндеті. Қазіргі таңдағы балабақшамыздың ақылы үйірмелерінің ақысына да өтуіне де еш қарсылық білдірмеймін.

**Балабақша меңгерушісі: Карабалина А.Е.** Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша сөз алды. Биылғы 2025-2026 оқу жылында 41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасында 3-5 жас аралығында тәрбиеленушілерге арналған ақылы қызмет үйірмелерін ұйымдастыру жоспарлануда. Балабақшамызда әзірленген «Ойна да ,ойлан!», «Көңілді дыбыстар!», «Би билейік балақай !» №16 « Аққайың » балабақшасынан, аты атаулы үйірмелерін алып жалғастыруға ұсынып отырмыз. Атап өтетін болсақ

- «Би билейік балақай !» би үйірмесі (3-4-5 жас)
- «Ойна да ,ойлан!» (4-5 жас)
- «Көңілді дыбыстар!» (4-5 жас)

Осы аталған үйірмелердің бағдарламалары алдағы аптада Қалалық білім бөлімінің эксперттік кеңесінде қаралып бекітілсе қыркүйек айынан бастап іске асады. Осы ақылы қосымша үйірмелердің өтуі аптасына 2 рет, күннің II-жартысында өтеді. Әдіскер тарапынан кестелер құрылып бір-біріне кедергі жасамай ұйымдастырылуы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар қосымша ақылы қызметтердің төлемақысы айына 3000 теңге ата-аналардың келісуімен жеке жеке ата-аналармен келісім-шартқа отырып төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу ескертіледі.

### **Шешімі:**

1. Қосымша ақылы үйірмелер балабақшада жүргізіліп , үйірменің оқу оқысы (3000 тг) бекітілсін

2. Әр үйірменің төлемақысы 3000 теңге көлемінде ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Алдабергеннова А.  
Мушелері:  Чапаева Ж.  
 Досмагамбетова М.  
 Мамбетрзаева М.

Хатшы:  Садуова А.Б.